

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № а-12/319 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 қаңтарда № 5190 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, « Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Жақсы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жақсы ауданы әкімінің орынбасары Л. Ш. Сейдахметоваға жүктелсін.

3. Осы қаулының күші 2016 жылға 1 қаңтарынан бастап, туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ.Сүйіндіков

Ж а қ с ы

а у д а н ы

ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

1 4

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№

а - 1 2 / 3 1 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Мектепке дейінгі білім	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы	Мектепке дейінгі ұйымдардағы жан басына шаққандағы	Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдардағы ата-аналардың бір айға
------------------------	---	--	-------------------------------------	--

№	б е р у ұйымдарының түрі	тәрбиеленушілердің саны		б і р а й ғ а қаржыландыру мөлшері (теңге)		шығындардың орташа құны (теңге)		төлемінің мөлшері (теңге)	
		мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
1	Балабақша	140	0	26272,0	0	26272,0	0	9928	0
2	Мектеп жанындағы толық күн қатынайтын шағын орталық	55	0	17702,0	0	17702,0	0	9928	0
3	Мектеп жанындағы жарты күн қатынайтын шағын орталық	113	0	8851,0	0	8851,0	0	0	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК